



**JLG сериялы
ҚОС ТІЗБЕКТІ ГАЗ ҚАЗАНДЫҒЫ
(су жылытқыш)**

EAC

Пайдалану жөніндегі басшылық



Алматы

Е С К Е Р Т У !

Пайдаланылатын электроэнергиясының қуаты мен газдық қазандықтардың жұмысы үшін пайдаланылатын газ түрі техникалық сипаттамаларға сәйкес болуы керек.

Газ қазандығын түтіндікке қосқаннан кейін ғана пайдалануға болады.

Қазандықты жуынатын бөлмеге, жатын бөлмесіне, қонақ бөлмеге, баспалдаққа, жұмыс кабинетіне және қауіпсіздік шығу есіктеріне орнатуға болмайды.

Қазандық орнатылатын беттің орнықтылығы мен сенімділігіне көз жеткізіңіз.

Жабдықты орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету туралы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және бұлжытпай орындаңыз.

Жабдықтың орауын ашпас бұрын онда ешқандай бүлінулердің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Қауіптілік пен шаңданудан аулақ болу үшін орауды толық күйде сақтау керек.

Орнату туралы берілген нұсқаулықтардың орындалмаған жағдайында өндіруші мүліктің бүлінуіне, жеке өмірге деген қауіптілік пен өлім жағдайына жауапкершілік алмайды.

Газ қазандығы суды атмосфералық қысымда қайнау температурасынан төмен температураға дейін жылытады.

Газ қазандығы оның қуаттылығы мен өнімділігіне сәйкес келетін жылыту жүйесіне ғана қосылуы керек. Пайдаланушыға жабдықты ашуға және оған өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

Жабдық іске қосылған кезде түтіндік сияқты қатты қызып тұрған бөліктеріне қол тигізуге болмайды.

Газ қазандығын өшірген кезде газды қақпақты ажыратуға, суды және қазандықты электр көзінен ажыратуға ұсыныс беріледі.

Нұсқаулықты сақтамаған жағдайда сақтық шараларын қолдану керек.

Пайдалану жөнінде сұрақтар пайда болған жағдайда сервис орталығына жүгіну керек.

1.Техникалық сипаттау

- 1.1. Техникалық сипаттамалар
- 1.2. Бөліктерінің аттары
- 1.3. Қауіпсіздік жүйесі
- 1.4. Газ қазандығының құрылысы

2.Құрастыру бойынша басшылық

- 2.1. Орнату орны
- 2.2. Құрастыру
 - 2.2.1. Газ
 - 2.2.2. Ыстық су
 - 2.2.3. Жылыту
- 2.3. Ғимарат пен желдетуге деген талаптар
- 2.4. Оқшауланған мұржалық құбырды орнату
- 2.5. Коаксиалды мұржаны құрастыру
- 2.6. Электрлік жалғаулар
- 2.7. Алғашқы іске қосу

3.Пайдалану туралы басшылық

- 3.1. Басқару панелі
- 3.2. Газ қазандығын іске келтіру

4. Газ қазандығының жұмыс істеу ерекшеліктері

- 4.1. Сақтандыру шаралары
- 4.2. Тұтынушылардың жүйелі түрдегі бақылаулары

5.Құрамдау

6.Авторланған сервистік орталықтың мекенжайы

7.Қателер мен ақаулықтардың кодтары

8.Кепілдік шарттары және міндеттері


1. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Үлгісі	JLG16B-17	JLG20B-17	JLG24B-17	JLG30B-17
Жылыту ауданы, кв.м	160	200	240	300
Жылулық қуаттылығы, кВт	16	20	24	30
Газдың түрі	Табиғи			
Газдың атаулы шығыны, м ³ /сағ.	1,8	2,2	2,6	3,3
Температураны реттеу түрі	Жалынның модуляциясымен газдық қақпақ			
Пайдалану	Жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету			
Жылыту жүйесінің түрі	Жабық			
Жүйенің айналу түрі	Мәжбүрлі			
Жүйедегі ең жоғарғы қысым, бар	3			
Жылыту температурасының ауқымы, С	30 - 80			
Жүйедегі ең жоғарғы және ең төменгі қысым, бар	0,5 - 3			
Кеңейтілмелі бактың көлемі, л	6			
Кеңейтілмелі бактағы қысым, бар	1			
ЖСКЕ бойынша өнімділік, л\мин(t-25С)	8	10	12	15
ЖСКЕ температурасын реттеу ауқымы, бар	36 - 60			
ЖСКЕ жүйесіндегі ең жоғарғы және ең төменгі қысым, бар	0,2-6			
ЖСКЕ судың ең төмен ағысы, л\мин	3			
Судың РН	7-ден төмен			
Судың кермектігі	< 3,5 мг-экв/л			
ПӘК, %	93			
Жану өнімдерінің шығуы	Мәжбүрлі			
Құбырдың диаметрі, мм	Су және ЖСКЕ	15		
	Жылыту	20		
	Түтіндік	60/100		
Электрлік қуаттылығы, Вт	110			
Кернеулігі, В\Гц	220/50			
Габариттері, мм	740x400x260	740x400x296	740x450x325	

Қазандық «Газ отынымен жұмыс істейтін аппараттардың қауіпсіздігі туралы» ТР 016/2011 талаптарына сәйкес келеді.

Қазандықтың жұмыс істеу мерзімі - 5 жыл.


1.2. Бөліктерінің аттары 1-1 суреті



1.3. Қауіпсіздік жүйесі

1. Жалын жоғалып кеткен жағдайда, газ қақпағы газ беруді тоқтатады.
2. Жылыту мен ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі белгіленген температураға температуралық тетіктер арқылы бақылау жасау.
3. Жүйедегі жылу тасушылардың температурасы 92° Цельсии градустан артқан кезде, қазандыққа газ беруді апатты түрде өшіру қарастырылған.
4. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі судың ең төмен ағыны судың ағысының тетігімен бақыланады, ол жылу алмастырғыштағы судың қайнап кетуіне жол бермейді.
5. Түтіндіктің оқшаулануында әуедегі прессостат қазандықты автоматты түрде өшіреді.
6. Қатып қалуға қарсы» атқарымы. Жылу тасушылардың температурасы 5 градустан төмен түскен кезде айналмалы сорғыш өшіріледі және 30 градустан жұмыс істеуін тоқтатады.
Ескерту: қазандықты далаға орнатуға тыйым салынады. Қазандықтың жұмыс атқарымы газбен немесе электр тогымен жалғаған кезде ғана қабілетті болады.
7. Айналмалы сорғыштың «Оқшаулануға қарсы» атқарымы. Қазандық оны оқшауланудан шығару үшін әрбір 24 сағат сайын сорғышты түсіріп отырады. Қазандықтың жұмыс атқарымы газбен немесе электр тогымен жалғаған кезде ғана қабілетті болады.
8. Қазандықтың сақтандырғыш қақпағы оны мұздай сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі қысымның қалыпты деңгейден жоғарылап кетуінен сақтайды. Егер жүйедегі қысым 6 бардан артса, онда қақпақ артық суды ағызып тастайды.

1.4. Қазандықтың құрылысы



- | | |
|-----------------------------------|----------------------------------|
| 1. Әуедегі прессостат | 12. ЖСҚЕ температурасының тетігі |
| 2. Желдеткіш | 13. Сақтандырғыш қақпақ |
| 3. Түтіндіктің қақпағы | 14. Су қысымын арттыратын шүмек |
| 4. Битермикалық жылу алмастырғыш | 15. Су прессостаты |
| 5. Қызып кету тетігі. | 16. Сақтандырғыш қақпағы, 3 бар |
| 6. Жанарғы | 17. Су қысымының манометрі |
| 7. Тұтандыру электроды | 18. Айналмалы сорғыш |
| 8. Герметикалық камера | 19. Ауаны автоматты түсіру |
| 9. Газды қақпақ | 20. Жану камерасы |
| 10. Судың температурасының тетігі | 21. Кеңейтілмелі бак |
| 11. Су ағысының тетігі | |

2. ҚҰРАСТЫРУ БОЙЫНША БАСШЫЛЫҚ

2.1. Орнату орны

1. Бөлмедегі ылғалдың концентрациясы тұрғын жайларға арналған нормативті талаптарға сәйкес болуы керек.
2. Қазандықты газ плитасының үстіне орнатуға болмайды.
3. Орнату кезінде қазандықтың барлық жағынан техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін ең аз дегенде 150 мм ара қашықтық қалуы керек.
4. Қазандық орнатылатын қабырға өте мықты болуы керек.

2.2. Құрастыру

Құрастыру кезінде келесі қадамдарды сақтау керек:

1. Қазандықты орнататын жерді дұрыс таңдаңыз, оны белгілеңіз және бұрғылап тесік тесіңіз.
2. Бұрама шегелерді белгілеу.
3. Орнату кезінде барлық жалғанатын түйіндердегі пластикалық бітеуіштерді алып тастаңыздар.

2.2.1. Газ

1. Қазандықтың жұмыс істеуі үшін газдың жеткілікті қысымын қамтамасыз ету керек:
Табиғи газ: ең аз дегенде 10 мбар (0,01 бар);

2. Газдың құбырын қазандыққа жалғағаннан кейін сабынның көбігін жаға отырып, газдың шығып жатпағанына міндетті түрде көз жеткізу керек.

3. Газ құбырын қазандыққа жалғағанға дейін газды сүзгішті міндетті түрде орнату керек.

4. Қазандықты сұйытылған газда пайдалану кезінде қазандықты сұйытылған газбен жұмыс істеуге ауыстыру үшін авторланған сервис орталығына жүгіну керек.

2.2.2. Ыстық су

1. Кескінге (2.1. сур.) сәйкес суық және ыстық судың құбырларын қазандыққа дұрыс жалғаңыз.

2. Судың қысымы 0,2 - 6 бар аралығында болу керек.

Суды жылытудың жұмыс тәртібін іске қосу үшін ағынды судың көлемі 3 л\мин артық болуы міндетті түрде керек. Егер судың қысымы өте жоғары болса, онда су қысымының бәсеңдеткішін орнатуға болады.

3. Судың минералды құрамы жылытудың тиімділігіне әсер етеді. Суда минералдардың жоғары деңгейде болған жағдайында жұмсартатын картриджді сүзгішті міндетті түрде орнату керек.

2.2.3. Жылыту

1. Жылыту жүйесінің, газды беру мен кері қайтару құбырларын қазандықтың кіру және шығуымен жалғаңыздар (2.1-сур.).

2. Шу мен айналмалы сорғыштың істен шығуын болдырмау үшін диаметрі 20 мм төмен және бұрылыстары көп құбырларды пайдалануға ұсыныс берілмейді.


3. Жылыту жүйесінен канализация жүйесіне апатты жағдайда құятын шүмекті орнатыңыз.

JLG16B-17

JLG20B-17

JLG24B-17

JLG30B-17



Сур. 2.1

- A. Жылудың шығуы (берілуі)
- C. Ыстық судың шығуы
- G. Газдың кіруі
- F. Суық судың кіруі
- R. Жылудың кіруі (кері қайтарын)

2.3. Ғимарат пен желдетуге деген талаптар

- 1) Тұрғын емес ғимараттар.
- 2) Ылғалдың концентрациясы тұрғын ғимараттарға арналған нормативті талаптарға сәйкес болуы керек. Сондықтан, жуыну бөлмесі, монша, бассейн қазандықты орнату үшін жарамсыз болып саналады, себебі, ол жердегі ылғалдылық қазандықтың қызмет ету мерзімін елеулі түрде кемітеді.
- 3) Ғимаратқа құрылғы пайдаланатын газдың жануы үшін қажетті ауа міндетті түрде кіріп тұруы керек. Сондықтан, жылу қуаттылығының әрбір кВт (860 ккал/сағ) 6 см^2 (шын мәнісінде 10 см^2) кем емес есеппен ауаның кедергісіз түсіп тұруы үшін саңылаулар болуы керек, бірақ кез келген жағдайда 100 см^2 кем болмауы керек. Немесе ғимараттың 1 м^3 көлеміне $0,03 \text{ м}^2$ есебінен шыныланған, желдеткіші бар немесе терезенің жоғарғы жағында орналасқан желдетудің басқа арнайы құрылғысы бар терезе болу керек.
- 4) Атмосфералық жауын — шашындардан, сонымен қатар, жайылма су мен ылғалдың булануы сияқты қосалқы әсерлерден сақталған.
- 5) Ғимаратта құрылыс, сусымалы және тез тұтанатын материалдарды, химиялық белсенді заттарды сақтауға, сонымен қатар, қазандық жұмыс істеп тұрған кезде шанды қарқынды жинаумен байланысты жұмыстарды орындауға тыйым салынады.
- 6) Ғимараттың биіктігі $2,2 \text{ м}$ кем болмауы керек.

2.4. Оқшауланған мұржалық құбырды орнату.


Мұржалық құбырды орнату кезінде келесі ережелерді сақтау керек:

- А) Мұржалық құбыр саңылаусыз болуы керек. Құбыр жасалған материал мықты болуы керек және механикалық өзгерістерге ұшырамауы керек, жылуға төзімді, суыққа төзімді болуы керек.
- В) Мұржалық құбырдың жалғасатын бөліктері герметикалық материалдардан жасалуы керек, жылуға төзімді болу керек және тоттанбауы керек.
- С) Мұржалық құбыр қолжетімді және қайта орнатуға қолайлы орынға орналасуы керек.
- Д) Мұржалық құбырдың көлденең бөлігі еңіс түрде, ең аз дегенде 5° градус бұрышпен орнатылуы керек.
- Е) Мұржалық құбырды бұрудың ішкі бұрышы 90° градустан артық болуы керек.



2.5. Коаксиалды мұржаны құрастыру

- 1) Ең жоғарғы ұзындығы 3 м (қосу 90° градус бір буын, ол қосымша 1 метрлік құбырға сәйкес келеді).

Мұржа құбырының тік бөлігі бұрыштың астында ең төмен дегенде 5° градус бақылаушы еңіспен орнатылуы керек.




1. Асбесттік аралықтар
2. Біріктіруші бұранда
3. 90° коаксиалды бұру
4. Алюминийден жасалған жұқалтыр аралықтармен тығыздау
5. Коаксиалды мұржа



2.6. Электрлік жалғаулар

1. Электрлік жалғаулардың сызбасы (2.4. сур.)



2.7. Алғашқы іске қосу

Қазандықты алғашқы рет іске қосқанда келесі іс-әрекеттерді міндетті түрде жүргізу керек:

1). Қазандықты орнату берілген нұсқаулыққа толығымен сәйкес келуі керек.

2). Жылыту және сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі шүмекті ашыңыз.

3). Судың қысымын арттыратын шүмектің көмегімен (3.2.сур.) сумен жылыту жүйесін манометрдегі көрсеткіш - 1,5 барға жеткенге дейін толтырыңыз, сосын жабыңыз.

4). Айналмалы сорғыш үстіндегі ауаны автоматты түрде шығаратын қақпақты ашыңыз.

5). Айналмалы су сорғышының ауыстыратын білігін босатыңыз. Бұл үшін төменде келтірілген қадамдарды міндетті түрде сақтаңыз:

а. Бұрауыштың көмегімен сорғыштағы сомынды бұрап ашыңыз.


б. Сорғыштың білегін бірнеше рет айналдырыңыз.

в. Сомынды қайтадан бұрап жабыңыз.


6). Маевский шүмегінің көмегімен радиатордағы ауаны шығарыңыз.

7). Газ беру шүмегін ашыңыз.

8). Газ бен судың шығуының жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.



Сур. 3-2



Сур.2-5

9). Айналымды сорғыштан ауаның шығуын тездету үшін қазандықты «Қыс» (3.2 бөлімі) тәртібінде «Қосу\ өшіру» түймешігінің көмегімен қосып өшіріңдер. Сорғыштағы ауа шу мен қазандықтың дұрыс емес жұмысын туғызуы мүмкін.

Назар аударыңыз: Егер су кермектіктің нормаларына сәйкес келмесе, онда бастапқы кезеңде суды жұмсартатын картриджді сүзгіні міндетті түрде орнату керек.


3. ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ

3.1. Басқару панелі

Басқару панелі мыналардан тұрады (3.1.2 сур.) :

- 1). Жұмыс дисплейінен;
- 2). Манометрден;
- 3). Қазандықты басқару түймешіктерінен.

Қуат көзін қосқан кезде дисплейде соңғы берілген орнатулар көрінеді:



Сур. 3.1.2

3.2. Қазандықты іске келтіру

1. «Тәртіп» түймешігі : «Қыс» және «Жаз» тәртіптеріне ауыстырып отыру.

«Жаз» тәртібі — ыстық сумен қамтамасыз ету атқарымын ғана қосу:

- 1) Қазандықты қорғаушы құрылғысы арқылы электр розеткасына қосқанда, дисплейде «OFF» деп жанады.
- 2) «Қосу\өшіру» түймешігін бассаңыз, дисплей жанады.
- 3) Дисплейде «Жаз» белгісі пайда болғанға дейін «Тәртіп» түймешігін басыңыз. Дисплейде ыстық судың температурасы бейнеленеді.
- 4) «Арттырушы» немесе «Азайтушы» түймешіктерімен ыстық судың температурасын белгілеңіз. Қоспалаушыдағы ыстық судың шүмегін ашыңыз, қазандық ыстық суды өндіре бастайды; Қоспалаушыдағы ыстық судың шүмегін жабыңыз, қазандық ыстық суды өндіруін тоқтатады.

«Қыс» тәртібі - жылыту мен ыстық сумен қамтамасыз ету атқарымдарын іске қосу.

- 1). Дисплейде «Қыс» белгісі жанғанша «Тәртіп» түймешігін басып тұрыңыз.
- 2). Дисплейде жылыту жүйесінің жылу тасушыларының температурасы көрсетіледі. «Арттырушы» немесе «Азайтушы» түймешіктерімен жылытудың температурасын белгілеңіз.
- 3). Ыстық судың температурасы ыстық судың қоспалаушысын ашқан кезде реттеледі.

2. «Орнату» түймешігі. Уақытты орнату:

1-қадам: сағатты орнату үшін «Орнату» түймешігін бір рет басыңыз, дисплейде «88» жыпылықтайды, «Арттыру» немесе «Азайту» түймешіктерінің көмегімен сіз сағаттын көрсетуін орнатуыңызға болады.

2-қадам: минутын орнату үшін «Орнату» түймешігін тағы да бір рет басыңыз, дисплейде «88» жыпылықтайды, «Арттыру» немесе «Азайту» түймешіктерінің көмегімен сіз минуттың көрсетуін орнатуыңызға болады.

3. «Орнату» түймешігі. Таймерді орнату:

Таймер - бұл берілген уақытта ауқымдағы жайлы температураны орнатуға мүмкіндік беретін атқарым.

1-қадам: «Орнату» түймешігін «TIME 1» деп жанғанша үш рет басыңыз, «88» жыпылықтайды, «Арттыру» немесе «Азайту» түймешіктерінің көмегімен сіз сағаттың көрсетуін орнатуыңызға болады.

2-қадам: «Орнату» түймешігін тағы да бір рет басыңыз, дисплейде «88» жыпылықтайды, «Арттыру» немесе «Азайту» түймешіктерінің көмегімен сіз минуттың көрсетуін орнатуыңызға болады.

3-қадам: «Орнату» түймешігін тағы да бір рет басыңыз, «Арттыру» немесе «Азайту» түймешіктерінің көмегімен сіз температураның көрсетуін орнатуыңызға болады.

4-қадам: «Орнату» түймешігін басып, «TIME» деп жанғанша үш секунд басып тұрыңыз, - «Таймер» атқарымы іске қосылды.

5-қадам: «Орнату» түймешігін басып, «TIME» деп жанғанша үш секунд басып тұрыңыз, - «Таймер» атқарымы өшіріледі.

TIME 2, TIME 3, TIME 4, TIME 5, TIME 6, TIME 7, TIME 8 тәртібіндегі уақыт пен температураны орнату сол сызба бойынша жүргізіледі.

Мысалы:

TIME 1

08:00 - жылыту жүйесін іске қосатын уақыт (1- қадам және 2- қадам);

40° C - қалаулы температура (3- қадам)

Осы берілгендердің көмегімен сіздің қазандығыңыз таңертеңгі сағат 8:00 -де 40 градуспен іске қосылады.


TIME 2

18:00- жылыту жүйесін іске қосатын уақыт (1- қадам және 2 -қадам);

60° C - қалаулы температура (3- қадам)

Осы берілгендердің көмегімен сіздің қазандығыңыз кешкі сағат 18:00 - де 60 градуспен іске қосылады.

Ескерту: әрбір келесі тәртіптің басталу уақыты алдыңғы тәртіптің ақырғы уақыты болып табылады.



4. ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

- Ыстық сумен қамтамасыз ету басымды атқарым болып саналады, ыстық суды «Қыс» тәртібіне қосқан кезде, жылыту өшіріледі және ыстық суды пайдаланған кезде іске қосылмайды.

- Радиаторды пайдаланатын жылыту жүйесі үшін жылулықты тасушылардың температурасының қашықтығы 30 -80° С болады (зауыттық келтірулер).

- «Жылы еденді» пайдаланатын жылыту жүйесі үшін жылулықты тасушылардың температурасының қашықтығы 25-60° С болады (келтірулер авторланған сервис орталығының шеберлерімен жүргізіледі).

Қазандықтың келесідей жұмыс кезендері болады: жылуды тасушылардың температурасы тұтынушы белгілеген температурадан 3 градус артқан жағдайда - қазандық өшіріледі. Температураны 15 градусқа төмендеткен жағдайда қазандық қайтадан іске қосылады.

- Жылыту жүйесіндегі судың қысымының 0,5 бардан төмендеген жағдайында (манометрдің көрсеткіші, дисплейдегі Е9 қатесі), судың жүйесін арттыру керек.

- Жылыту жүйесіндегі судың қысымының 3.0 бардан арту жағдайында, сақтандырғыш қақпағы автоматты түрде іске қосылады, жүйедегі артық суды ағызып тастайды.

4.1. Сақтандыру шаралары

1. Қазандықтағы өндірілген ыстық су ішетін суға жатпайды.
2. Қазандықты тексеру мен тазалауды жылына бір рет жүргізу керек.
3. Қазандықтың ұзақ уақыт бойы іске қосылмаған жағдайында, іске қосар алдында айналмалы сорғыштың біліктің айналуын міндетті түрде тексеру керек (2.5 сур.).
4. Газдың иісі шыққан жағдайда келесі ережелерді міндетті түрде сақтау керек:
 - а) электр аспаптарын іске қоспаңыздар.
 - б) жарықтандырудың ауыстырғыштарына қол тигізбеңіздер.
 - в) газ қақпағын жабыңыз, терезенгі ашыңыз.
 - г) арнайы маманды шақырыңыз.

4.2. Тұтынушылардың жүйелі түрдегі бақылаулары

(Қазандықтың жұмыс істеуін жылына бір рет тексеріп тұруға ұсыныс беріледі).

1. Жылыту жүйесіндегі қысым 1 – 1,5 бар аралығында болуы керек, қысымның 1 бардан төмендеген жағдайында суды көбейту керек.
2. Қазандық бөтен шусыз жұмыс істеуі керек. Егер шу пайда болған жағдайда, оның себебін міндетті түрде анықтап, оны жою керек. Келте (қысқа) құбырлар мен түтінді шығару жүйесінің саңылаусыздығын тексеру керек.
3. Гидравликалық бөліктердегі барлық ағуларды жойыңыздар.
4. Жылыту жүйесіндегі суды алдын — ала ағызып тастап, мұздай суды беру мен жылытудың қайтарымындағы (кері қайтарым) сүзгіні тазалаңыз. Жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі судың ағысы кедергісіз болуы керек.
5. Қазандық пен жылыту жүйесі орнатылған ғимараттың температурасы 5 Цельсии градустан төмен болған жағдайда, жылыту жүйесінен және қазандықтағы суды міндетті түрде ағызу керек немесе тұрмыстық антифризді нормадағыдай құю керек (көлікке арналған антифризді құюға тыйым салынады).

Қазандықты авторланған сервис орталығының мамандарымен жылына бір рет кәсіби түрде тексертіп, тазалатып тұруға ұсыныс беріледі.

5. ҚҰРАМДАУ

1. Қос тізбекті газ қазандығы-1 дана
2. Пайдалану жөнінде басшылық – 1 дана
3. Анкерлік бұрандама – 4 дана
4. Коаксиалды мұржа (60\100) жеке орауышта – 1 орауыш
5. Аралықтар – 6 дана

6. ҚАТЕЛЕР МЕН АҚАУЛЫҚТАРДЫҢ КОДТАРЫ

Код	Ақаулықты сипаттау	Себеп	Ақаулықтарды жою жолдары
	Сұйық кристалды экранда ешқандай ақпарат жоқ	Қуат көзі қосылмаған	1. Қуат көзін қосыңыз және «қосу\өшіру» түймешігін басыңыз. 2. Розетканың, айырдың, қуаттаушы сымның, кернеудің релесі мен реттеушінің жұмыс істеу жағдайларын тексеріңіз.
E1	Газ жанбайды немесе өшіп қалады	1. Газ вентилі жабық немесе газды жеткізу құбырының диаметрі өте төмен. 2. Газдың қысымы төмен. 3. Жалынды бақылаушы тетіктің жарамсыздығы.	1. Газ вентилін ашыңыз немесе қазандықты қажетті диаметрдегі газ құбырына қосыңыз. 2. Газды жеткізушілерге хабарласыңыз.
E2	Іске қосылғаннан кейінгі алғашқы секундтарда желдеткіш тоқтап қалады және ары қарай іске қосылмайды	1. Мұржада шаң-тозаң пайда болды. 2. Қысымның айырмасының ауадағы релесінің жарамсыздығы. 3. Қысым релесінің желдеткішпен жалғануының бұзылуы	1. Шаң - тозаңды тазалаңыз. 2. Ақауы бар релені ауыстырыңыз. 3. Қысымның айырмасының релесіне сәйкес келетін құбырлардың жалғануының дұрыстығын тексеріңіз.
E4	Ыстық судың температурасы белгіленген шамадан әжептеуір жоғары	1. Судың өте төмен ағыны. 2. Газдың өте жоғары қысымы. 3. Ыстық судың жылу алмастырғышы бітеліп қалған.	1. Судың ағынын көбейтіңіз. 2. Газдың қысымын азайтыңыз. 3. Жылу алмастырғышты реагентпен тазалау керек (сервис орталығына хабарласыңыз).
E5	Мұздай суды беретін құбырдағы температура тетігінің ақаулығы	Тетіктің жарамсыздығы немесе нашар жалғануы.	Тетікті ауыстырыңыз немесе байланысты қайта қалпына келтіріңіз.
E6	Ыстық суды беретін құбырдағы температура тетігінің ақаулығы	Тетіктің жарамсыздығы немесе нашар жалғануы.	Тетікті ауыстырыңыз немесе байланысты қайта қалпына келтіріңіз.
E7	Кері құбыр жолындағы температура тетігінің ақаулығы	Тетіктің жарамсыздығы немесе нашар жалғануы.	Тетікті ауыстырыңыз немесе байланысты қайта қалпына келтіріңіз
E8	Сәл уақыттан кейін газ өшіп қалады.	Басқару тақтасының жарамсыздығы	Басқару тақтасын ауыстырыңыз.
E9	Жылыту аппараты жұмыс істемейді	Жылуды беретін су жүйесіндегі қысым 0.5 бардан төмен	Судың қысымын арттыратын шүмекті ашыңыз және жылыту жүйесіндегі қысымды 1 – 1,5 барға келтіріңіз (п 4.2).

	Ыстық судың температурасы бастапқы белгіленген деңгейіне жетпейді	1. Мұздай судың күші өте жоғары. 2. Газдың қысымы өте төмен.	1. Ыстық суды қоспалаушыны судың қажетті күші болатындай етіп реттеңіз. 2. Газды жеткізуші фирмаға хабарласыңыз немесе газ вентилін қаттырақ ашыңыз. 3. Басқару тақтасын ауыстырыңыз.
	Жылу алмастырғыштың қатты ысып кетуі, жылыту температурасының өте қатты көтеріліп 88 Цельсия градустан жоғары болуы, бөтен шулар, сықырлау	1. Айналымалы сорғыш жұмыс істемейді. 2. Кері қайтатын құбырдағы сүзгі толып қалған, жылыту жүйесінің құбырларының жұмыстық вентилдері арқылы ағысы жоқ. 3. Басқару тақтасы жарамсыз. 4. Жылу алмастырғыш бітеліп қалған.	1. Айналымалы сорғыштың жұмыс істеу жағдайын тексеріңіз. 2. Сүзгіні тазартыңыз немесе вентилді ашыңыз. 3. Басқару тақтасын ауыстырыңыз. 4. Жылу алмастырғышты реагентпен тазалау керек (сервис орталығына хабарласыңыз).

7. Кепілділік міндеттемелер.

12.1. Жыл сайынғы міндетті профилактикалық қызмет көрсетуді жасау кезінде және тұтынушы тасымалдау, сақтау, құрастыру және пайдалану бойынша талаптарды сақтағанда қазандықтың пайдалануының кепілділік мерзімі – **12 ай** сату күнінен бастап.

Кепілділікті сервистік орталықтар.

1. Алматы, Бөкейханов көш., 233, тел.: +7(727) 258-45-61.
2. Астана, Әуезов көш., 39, тел.: +7(7172) 55-93-94, 55-93-96.
3. Қарағанды, Пичугин көш., 249, тел.: +7(7212) 55-93-50, 55-93-52.
4. Ақтөбе, Жүргенов көш., 177А, тел.: +7 (7132) 70-46-90, 70-46-92.

8. Қабылдау туралы куәлік.

Қос тізбекті газ қазандығы JLG _____ пайдалануға жарамды деп танылған.

Зауыттық нөмірі _____

ТББ штампы

Шыққан күні _____

Қабылдауға жауапты тұлғаның қолы _____

9. Пайдалану бойынша мәліметтер.

Күні	Қызмет ету түрі	Қызмет ету нәтижелері	Келесі қызмет ету күні	Газ қызметі өкілінің лауазымы, тегі, қолы

1 қосымша

Қазандықты ОРНАТУҒА БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ

1. Қазандықты орнату күні _____

2. Орнату мекен-жайы _____

3. Аудандық газ шаруашылығының телефоны _____

4. Сервис қызметі немесе арнайы құрастыру қызметі

Телефоны _____

Мекен-жайы _____

5. Құрастыруды кім жасады _____

Лицензия № (рұқсаттама №) _____

6. Орнату жайында қазандықты орнату және реттеуді кім жасады

7. Газды жіберу күні _____

8. Газды жіберу және нұсқамалық кіммен
жасалды _____

9. Нұсқамалықтар тыңдалды, қазандықты пайдалану ережелері меңгерілді

10. Иесінің аты _____

« ____ » _____ 20 ____ ж. Иесінің қолы _____

11. Іске қосу-реттеу жұмыстарын және нұсқамалықты жасаған сервис қызметінің
жауапты тұлғасының аты _____

(тегі)

(қолы)

2 қосымша

«КЕЛЕТ» акционерлік қоғамы

Кепілділік жөндеу талоны

JLG қазандығы _____ зау. № _____ жас. _____ 20__ ж.

Сатылды _____

(сататын мекеме атауы)

Сату күні «__» _____ 20__ ж.

Сататын _____

мекеме (Сатушы қолы)

штампы

Иесі _____

Мекен-жайы _____

Жөндейтін мекеме _____

Бекітемін:

Мекеме бастығы

(қолы)

(ТАӘ)

М.О.

«__» _____ 20__ ж

Ақаулықтарды жою бойынша жұмыстар орындалды _____

Орындаушы _____ Иесі _____

(ТАӘ, қолы)

(ТАӘ, қолы)

Талон түбіртегі

JLG қазандығына кепілділік жөндеуі _____ алынды «__» _____ ж

жөндейтін мекеме қызметкері